



ХҒТАР 11.25.78
Шолу мақаласы

<https://doi.org/10.32523/3080-1702-2025-153-4-142-157>

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ОТБАСЫ-НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Е.Л. Нечаева¹, А.Б. Мусабаяева*¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: elenech@inbox.ru, *mussabayeva_ab@enu.kz)

Аңдатпа. Заманауи қазақстандық қоғамда неке мен отбасының институттық құрылымы экономикалық және әлеуметтік өзгерістерден бастап мәдени жаһандық және цифрлық өзгерістерді қамтитын факторлардың әсерінен кешенді күрделі трансформация кезеңін басынан кешіруде. Ұсынылып отырған мақала Қазақстандағы отбасылық-некелік қатынастардың ағымдағы жағдайы мен динамикасын сипаттайтын басты тенденцияларды жан-жақты талдауға арналады. Зерттеу аясында азаматтық (заңсыз өзара келісіммен тұратын) және некеге кеш тұру санының, ажырасу көрсеткіштерінің артуы, сонымен бірге туудың азаюы мен репродуктивті мінез-құлықтың трансформациясын қоса алғанда, отбасының құрылымы мен қызметтеріндегі өзгерістер сипатталады.

Отбасы мен қоғамдағы гендерлік рөлдердің эволюциясына, ерлі-зайыптылардың арасындағы міндеттердің дәстүрлі бөлу үлгілерін қайта қарау, сонымен бірге жастардың отбасылық ұстанымдарына урбанизация мен модернизацияның ықпалына ерекше ден қойылады. Неке институтын қабылдаудағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер, соның ішінде дәстүрлі патриархалдық нормалардың әлсіреуі және индивидуалды құндылықтардың күшеюі талданады. Зерттеуде әлеуметтанулық сауалнамалардың, ресми статистиканың деректері пайдаланылды, сондай-ақ жаһандық демографиялық трендтер контекстінде Қазақстандағы отбасының заманауи және дәстүрлі үлгілеріне салыстырмалы талдау жүргізіледі.

Жұмыс қазақстандық отбасының тұрақты болуына және әлсіреуіне әкелетін факторларды, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктер мен жалпы әлемдік өзгерістерді ескере отырып, оның бұдан әрі дамуының ықтималды сценарийлерін болжауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері әлеуметтанушыларға, демографтарға, психологтарға, отбасылық саясат саласындағы мамандарға, сондай-ақ отбасы институтын қолдау шараларын әзірлейтін және жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қызығушылық тудырады.

Негізгі ұғымдар: отбасылық-некелік қатынастар, әлеуметтік трансформация, Қазақстан, отбасы институты, жаһандану, отбасылық құндылықтар, демографиялық өзгерістер, әлеуметтік саясат.

Түсті: 20.06.2025; Жөнделді: 10.10.2025; Мақұлданды: 30.11.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12. 2025

Кіріспе

Қазіргі таңда отбасы қоғамның іргелі институты болып қала береді, дегенмен оның формасы, қызметтері мен құндылықтары үнемі өзгеріп отырады. Қазақстанда бұл өзгерістер тарихи дәстүрлер мен жаһанды процестердің ықпалымен қарқынды жүруде. Бүгінде жастар некені өмір жолындағы міндетті кезең деп қараудың орнына оны көбінесе саналы таңдау деп қабылдайды. Саналы таңдау отбасылық рөлдер туралы ұстанымдарын, серіктестік және некелік одақтың тұрақтылығы туралы түсініктерді қайта қарауды білдіреді.

Бір жағынан индивидуалдық құндылықтардың, соның ішінде өзін дамытуға деген ұмтылысы мен отбасы құру алдындағы кәсіби даму туралы көзқарастары нығайып келеді. Екінші жағынан некедегі белгілі бір мінез-құлық нормаларын қалыптастыратын мәдени және әлеуметтік күтулер де сақталып отыр.

Осындай қайшылықтар жағдайында Қазақстандағы отбасылық-некелік қатынастардың трансформациясының шынайы тенденцияларын ашып көрсететін және оларға ғылыми түсініктеме беретін зерттеулердің маңыздылығы арта түседі. Зерттеудің ғылыми гипотезасы – отбасы институтының қазіргі әлеуметтік трансформациясы жалпы өркениеттік және нақты этномәдени және демографиялық процестердің жиынтығымен, сондай-ақ неке жасының ұлғаюымен, отбасы құрылымының өзгеруімен және ажырасу санының өсуімен көрінетін құндылық бағдарларының ауысуымен тығыз байланысты. Отбасылық қатынастардың өзгеруін талдау кезінде этникалық контексті ескеру қажет, өйткені халықтың көпмәдени құрамы, дәстүрлі құндылықтар және әртүрлі этникалық топтардың бейімделу процестері осы өзгерістердің сипатына айтарлықтай әсер етеді. Бұл гипотезаны тексеру орын алған өзгерістердің себептерін терең түсінуге және әлеуметтік саясатты жаңа нақтылыққа бейімдеу үшін ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің **мақсаты** әлеуметтік, экономикалық, мәдени және этнодемографиялық факторлардың әсерін ескере келе, қазіргі қазақстандық қоғамдағы отбасылық-некелік қатынастардың трансформациясын кешенді талдау.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды:

1. Қазақстандағы отбасы мен неке құрылымындағы өзгерістерді көрсететін негізгі әлеуметтанулық және демографиялық индикаторларды талдау;
2. Жаһандану, урбанизация және модернизацияның отбасының институттық және мінез-құлықтық аспектілеріне әсерін зерттеу;
3. Гендерлік рөлдердің өзгеруін және оның отбасылық қатынастарға әсерін анықтау;
4. Этномәдени факторлардың отбасы формаларының динамикасына әсер ету дәрежесін бағалау;
5. Эмпириялық дәлелдерге негізделген дәстүрлі және заманауи отбасылық модельдерді салыстыру;
6. Отбасылық қатынастардың жаңа шындықтарын ескере отырып, әлеуметтік саясатты бейімдеу үшін ұсыныстар әзірлеу.

Мәселені зерттеу тарихы отбасының әлемдік және отандық әлеуметтанудағы өзгерістеріне айтарлықтай назар аудартады. Отбасылық-некелік қатынастардың өзгерісін зерттеудің теориялық негізі екі негізгі тұжырымдаманы қамтиды: прогрессивті даму тұжырымдамасы және институционалдық дағдарыс теориясы. Трансформация бұл

ретте түрлі факторлардың әсерінен туындаған белгілі бір өзгерістер процесін, «отбасының әлеуметтік өзгеруін, бір күйден екінші күйге ауысуын, оның бағытталған дамуын» білдіреді (Дилекчи, 2017).

Прогрессивті даму теориясы шеңберінде трансформация патриархалды отбасынан заманауи отбасы типіне кезең бойынша ауысуын білдірсе (Морозова, 2013), ал отбасының өзгерісі қоғамның өзгерістеріне бейімделу қажеттілігін ескере біртіндеп жүреді (Михеева, 2017). Түрлі тарихи кезеңдерге сәйкес келетін отбасындағы балалар саны, некелік жұпты таңдау еркіндігі, некені әлеуметтік қолдау, ажырасуға қатысты қоғамдағы көзқарас секілді көрсеткіштер негізінде отбасының трансформация кезеңдерін бөліп көрсетуге болады.

Дж. Риббенс Маккарти мен Р. Эдвардс «Еуропаның және жаңа әлемнің бірқатар қоғамдарында отбасының өзгергені айқын, соның ішінде неке деңгейінің төмендеуі, некеге тұру және бала туу жасының ұлғаюы, отбасы мен үй шаруашылығы көлемінің азаюы, ажырасу деңгейінің жоғарылауы, некені бала туудан бөлу, жалғызбасты аналардан тұратын үй шаруашылықтары үлесінің өсуі және көп ұрпақты үй шаруашылықтарының азаюы» орын алып келеді деп көрсеткен (Риббенс Маккарти и Эдвардс, 2018).

Олар осы өзгерістердің орын алуының үш түрлі негізгі түсініктемесін ұсынады:

- «...үлкен өзгерістер орын алды және ол теріс (отбасының құлдырауы және отбасылық қолдаудың кеңейтілген желілерінің жоғалуы тұрақсыздық пен ретсіздікке әкеледі);
- үлкен өзгерістер орын алды және ол өте жақсы (адамдар өздерінің индивидуалды өмір сүру үлгілерін еркін дамыта алады);
- бірізділікке де, өзгеріске де орын бар (отбасының өзгеруіне қатысты моральдық дүрбелең бұрынғы сюжеттерді қайталайды...)».

Институттық дағдарыс теориясы бойынша отбасының трансформациясы деп «оның мәнін, мақсатын, жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өміріндегі рөлін өзгерту» (Антонов, 2014) түсінеді. Трансформация процесін анықтайтын әлеуметтік жағдайлар отбасы құрылымының, оның түрлері мен функцияларының өзгеруіне әсер етеді.

Институттық дағдарыс теориясы отбасының өзгеруін оның негізгі функцияларын, әлеуметтік мақсатын және жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өміріндегі рөлін өзгертуге байланысты күрделі және көп қырлы процесс ретінде қарастырады. Бұл тұжырымдама отбасының модернизация, жаһандану, урбанизация және басқа да әлеуметтік факторлардың әсерінен болатын терең құрылымдық және функционалдық өзгерістерін қамтиды.

Отбасы енді тек ұдайы өндіру, тәрбиелеу және мәдени нормаларды беру институты емес. Оның мәні бақытты болу, өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу сияқты жеке қажеттіліктерге бейімделу арқылы өзгеруде. Бұл оның әлеуметтік тұрақтылықтың дәстүрлі көзі ретіндегі рөлінің әлсіреуімен бірге жүруі мүмкін.

Сонымен бірге репродуктивті, экономикалық, әлеуметтендіру және туу көрсеткішінің төмендеуі, бірінші баланы туу жасының ұлғаюы, бір балалы отбасылардың көбеюі секілді отбасының дәстүрлі қызметтерінің эрозиясы қатар жүруде. Сондай-ақ, урбандалған қоғамдағы отбасының экономикалық бірлік ретінде мағынасы төмендеуде. Мәдени және әлеуметтік нормаларды тасымалдау секілді қызметтері мектеп, медиа, мемлекеттік бағдарламалар секілді сыртқы институттарға көбірек жүктелуде.

Қазіргі қоғам жағдайында отбасының әлеуметтік нормалар мен тұлғааралық қатынастарды реттеуші ретіндегі рөлі де әлсіреуде. Таңдау еркіндігі және жеке құқықтар сияқты жеке құндылықтардың маңызы артып келеді, бұл көбінесе дәстүрлі отбасылық нормаларға қайшы келеді.

Отбасылық қатынастарды реттеуші ресми және бейресми ережелер нақты әлеуметтік өмірдің талаптарына сәйкес келмейді. Мысалы, неке, ата-ананың құқықтары немесе ажырасу туралы заңдар дәстүрлі ұстанымдарға негізделген, осылайша, азаматтық неке практикалары мен отбасының жаңа формаларының қажеттіліктері ескерілмейді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі прогрессивті даму тұжырымдамасы мен институттық дағдарыс теориясының теориялық ережелеріне сүйене отырып, пәнаралық тәсілге негізделген. Ол отбасы институтының трансформациясын бағытталған және құрылымдық тұрғыдан анықталған әлеуметтік өзгеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Талдау ҚР Ұлттық статистика бюросының материалдарын, халықаралық әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелерін (UNFPA, UNICEF) қоса алғанда, қолданыстағы статистикалық және талдамалық деректерді қорыту және түсіндіру негізінде жүргізілді, сондай-ақ отбасы саясаты саласындағы стратегиялық құжаттарға салыстырмалы контент-талдау жүргізілді.

Зерттеу отбасылық құрылымдар мен нормалардың өзгерісіндегі терең детерминанттарды және тенденцияларды анықтауға, сондай-ақ Қазақстанның тұрақты әлеуметтік дамуы контекстіне байланысты сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді бағалауға бағытталған.

Негізгі тұжырымдар

Қазіргі қазақстандық қоғамға тән әлеуметтік өзгерістердің қарқыны әлеуметтік өмірдің басқа салаларындағы елеулі өзгерістерге, соның ішінде отбасы институтының өзгеруіне әкелді. Ақпараттық технологиялардың дамуы, қызмет көрсету саласының артуы, әлеуметтік динамиканың қарқыны және халық арасындағы жоғары мобильдік адамның өмір сүру салтын және оның қоғаммен өзара іс-әрекетін өзгертуде. Отбасы қоғамның ашық ішкі жүйесі бола отырып, жоғарыда аталған процестерге өте сезімтал институт. Осылайша, Қазақстанның контекстінде оның трансформациясы бағыттарын зерттеуді қажет етеді.

Қазақстандағы отбасылық-некелік қатынастардың әлеуметтік трансформациясы экономикалық, демографиялық, мәдени және технологиялық өзгерістерге байланысты көпфакторлы сипат алады. Қоғамды модернизациялау процестері отбасы мен некенің дәстүрлі үлгілерінен біртіндеп кетуге ықпал етеді, ол жас ерекшеліктері, гендерлік және құндылықтық көзқарастардың өзгеруінен көрініс табады.

Жаһандану мен цифрлық технологияның әсері отбасылық-некелік қатынастарға айтарлықтай түзетулер енгізеді. Ақпаратқа қол жеткізу, интернет арқылы әлеуметтік байланыстарды кеңейту, онлайн танысуды жүзеге асыру – мұның бәрі ерлер мен әйелдердің өзара әрекеттесуінің жаңа үлгілерін қалыптастырады. Қазіргі жастар отбасын құрмас бұрын білім алуға, кәсіби тұрғыдан өзін дамытуға және қаржылық тәуелсіздікке ұмтылады. Аталған факторлар халықтың тууы мен құрылымына да айтарлықтай әсер етеді. Отбасы құрылымының өзгеруі ядролық және толық емес отбасылардың үлесінің

артуына әкеледі, дәстүрлі кеңейтілген отбасылар бұрынғы маңыздылығын жоғалтады, әсіресе қалаларда, бұл урбанизацияға, көші-қонға және өмір салтын өзгертуге байланысты.

Ауылдық және қалалық некелік қатынастардың үлгілері алуандығын сақтауда. Егер бұл уақытқа дейін ауылдық жерлердегі отбасы дәстүрлі тәжірибелерімен, ал қалалардағы неке индивидуалдығымен ерекшеленіп келсе, урбанизацияның әсері бұл алшақтықты біртіндеп азайтуда.

Тағы бір маңызды көрсеткіш – қазіргі жағдайда неке одақтарының тұрақсыздығын көрсететін ажырасу деңгейінің жоғары болуы. Мұның себептері әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, дәстүрлі институттардың ықпалының әлсіреуі, сондай-ақ серіктестікке қойылатын талаптардың артуы.

Осы және басқа тенденциялар әлеуметтік саясат саласында жаңа тәсілдерді әзірлеуді, отбасы және неке саласындағы мемлекеттік саясатты жаңа нақтылыққа бейімдеуді талап етеді.

Талқылау

Қазақстан қоғамының отбасылық-некелік қатынастарының трансформациясын релевантты талдау үшін Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарына контент-талдау жасалды («Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы», 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары), сондай-ақ ресми статистиканың сандық деректері жинақталып, өңделді (ҚР Ұлттық статистика бюросы).

Талдау барысында орташа статистикалық көрсеткіштерге, соның ішінде туу, некелесу, ажырасу коэффициенттеріне, өңірлердегі туу және ажырасу деңгейі бойынша рейтингтеріне есептеулер жасалды.

Отбасы демографиялық жағдайға, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және әлеуметтік тұрақтылық деңгейіне айтарлықтай әсер ететін қоғамның іргелі институты болып табылады. Неке көрсеткіштерін талдау отбасылық құрылымдардың қалыптасу тенденцияларын анықтаудың және әлеуметтік ұйымдағы ықтимал өзгерістерді болжаудың маңызды құралы.

Бұл зерттеу орын алып жатқан демографиялық өзгерістер жағдайында ерекше өзектілікке ие, өйткені неке деңгейінің төмендеуі және некеге тұрудың орташа жасының жоғарылауы тууға, демек, демографиялық өсу динамикасы мен халықтың құрылымына тікелей әсер етеді. Қазақстан Республикасының халық санын ұлғайтуға ұмтылысы тұрғысынан неке институтын талдау жүргізіліп жатқан мемлекеттік демографиялық саясаттың тиімділігін бағалау үшін стратегиялық маңызға ие.

Соңғы бес жылда Қазақстанда тіркелген некелер санының серпіні тұрақты түрде төмендеп келеді. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2023 жылы 120,8 мың неке тіркелген, 2020 жылмен салыстырғанда 5,9% азайған. Тиісінше, неке коэффициенті 1000 адамға 6,07 құрады. Өңірлер бойынша алар болсақ, Астана қаласында некенің ең жоғары коэффициенті – 1000 адамға 7,46, ал ең төмені – Түркістан облысында (1000 адамға 5,55) байқалды (ҚР Ұлттық статистика бюросы, 2025). Жылдар бойынша салыстыратын болсақ, 2020 жылы ең аз неке тіркелген. Барлығы республика бойынша 128 839 неке тіркелген.

2020 жылы неке деңгейінің төмендеуі COVID-19 пандемиясының қоғамдық өмірге, атап айтқанда, некелесу процесіне айтарлықтай әсеріне тікелей байланысты. Сонымен қатар, Қазақстанда неке деңгейінің төмендеуі бірқатар әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлармен де түсіндіреді. Экономикалық тұрақсыздық, тұрғын үй құнының өсуі және жалпы өмір сүру деңгейі некеге тұру туралы шешім қабылдаған кезде жастар үшін тосқауыл болады.

Неке туралы мәліметтерді талдау қаншалықты елдегі экономикалық жағдай отбасы институтының жағдайында көрініс табатынын бағалауға мүмкіндік береді. Ауылдық жерлерде некеге тұрудың азаюының негізгі себебі экономикалық жағдайға байланысты. Қалалық және ауылдық территориялардың даму диспропорциясынан көруге болады. Ауылдық жерлерде жұмыстың болмауы және кірістің төмен болуы тұрақты отбасылық қатынастардың қалыптасуына кедергі келтіреді.

«Қазақстан отбасылары – 2022» Ұлттық баяндамасында елдің барлық өңірлерінде соңғы бес жылда некеге тұру көрсеткіші төмендегенін көрсетті. Алматы секілді ірі қалаларда 2018-2021 жылдары Алматы, Түркістан облыстары мен Астана секілді қалаға қарағанда салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішті сақтап келеді. Республика бойынша некеге тұру көрсеткішінің төмендеуін көрсететін жалпы тенденцияға қарамастан, аталған өңірлерде некеге тұру көрсеткіші тұрақты, салыстырмалы түрде жоғары.


Қазақстандағы отбасылық-некелік қатынастардың жетекші тенденцияларын талдау 2019 жылдан 2023 жыл аралығында тіркелген неке санының төмендегенін, ал соңғы бес жылда ажырасу санының азайғанымен, әлі де жоғары деңгейде сақталғанын көрсетті. 100 тіркелген некеге орташа алғанда 39 ажырасу келеді (1-кесте).

1-кесте. 2019-2023 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы тіркелген некелер мен ажырасулар деңгейі

	2019	2020	2021	2022	2023
Жалпы неке саны, соның ішінде:	139 504	128 839	140 256	128 359	120 851
Қалада тіркелген неке саны.	98 230	88 776	99 415	85 339	80 009
Ауылда тіркелген неке саны.	41 274	40 063	40 841	43 020	40 842
Ажырасудың жалпы саны, соның ішінде:	59 796	48 002	48 239	44 517	40 227
Қалада тіркелген ажырасу саны.	44 081	34 419	34 825	33 229	29 389
Ауылда тіркелген ажырасу саны.	15 715	13 583	13 414	11 288	10 838

Ескерту. Қазақстан Республикасы ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылды. ҚР Ұлттық статистика бюросы // URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>

Отбасы құрудың орташа жасы ерлер арасында да, әйелдер арасында да жоғарылап келеді. Бұл құбылыс білім алудың, кәсіби дамудың және жастар арасында некеге қатысты ұстанымдардың өзгеруімен байланысты. Ерлер үшін бірінші некеге тұрудың орташа жасы 27,8 жас, әйелдер үшін 25,2 жас (Сурет 1).



Сурет 1. Қазақстанда некеге тұрудың орташа жасының динамикасы (2019-2023 жж.)

Ескерту. Қазақстан Республикасы ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылды. ҚР Ұлттық статистика бюросы // URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>

Ажырасудың жалпы саны төмендеп келеді, 2023 жылы 40,2 мың ажырасу тіркелген, 2022 жылмен салыстырғанда ол 9,6% азайған. 1000 адамға шаққанда ажырасу коэффициенті 2,02 құрайды. Ажырасудың ең көп үлесі (34,9%) некеде 1 жылдан 4 жылға дейін бірге тұрғандар арасында тиесілі; 26,7% ажырасу – 5-9 жыл арасында некеде тұрған жұптарға келеді.

Қазақстан Республикасындағы отбасылық және некелік қатынастардағы үрдістерді этникалық тұрғыдан талдау XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында болған елеулі өзгерістерді көрсетеді. Мысалы, 1936 жылы Қазақстандағы этносаралық некелердің үлесі 13,1% құраған. 1979 жылға қарай бұл көрсеткіш 21,5% дейін өскен. 2009 жылғы санақ мәліметі бойынша этносаралық некелердің үлесі тұтас ел бойынша 19,8% құраған. Өңірлік бөліністе қарайтын болсақ, қалада 22,6%, ал ауылда 15,5% этносаралық неке құрылған.

Соның ішінде қазақ әйелдеріне қарағанда, қазақ ерлері арасында этносаралық неке құрғандар көп. XX ғасырдың ортасында этносаралық неке құрған қазақ қыздарының үлесі 3,9% болса, қазақ жігіттері арасында бұл көрсеткіш – 27%. 2009 жылы бұл айырмашылық азайды: 19,24% қазақ жігіттері мен 16,4% қазақ қыздары этносаралық некеге тұрған. Орыс әйелдері арасында орыс азаматтарына қарағанда этносаралық неке саны көп. Орыс халқының саны азайғанына қарамастан, этносаралық некеде олардың үлесі айтарлықтай болып келеді.

Этносаралық некелер үлесі этностық алуандығы жоғары өңірлерде жоғары екенін атап өткен жөн, мысалы Қостанай және Павлодар облыстарынад олардың үлесі сәйкесінше, 35,3% және 28,4% артқан. Қызылорда және Атырау секілді қазақ халқы

жоғары қоныстанған облыстарда этносаралық некелердің үлесі төмен, сәйкесінше 3,5% және 4,9% құрайды.

Қалаларда этникалық алуандықтың және этникалық өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің жоғары болуына байланысты этносаралық некелердің деңгейі жоғары. Қазақ халқы басым ауылдық жерлерде этникалық некелердің деңгейі төмен, бірақ уақыт өте келе бұл көрсеткіш өсуі мүмкін, бұл мәдениеттер мен этносаралық топтардың интеграциясын көрсетеді.

Жалпы алғанда, соңғы онжылда этносаралық некелердің үлесі тұрақтанды. Статистикалық талдау Қазақстандағы некелік және отбасылық қарым-қатынастар этностық топтар арасында айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді, бұл әртүрлі этностық топтар, мәдени дәстүрлер және әлеуметтік-экономикалық факторлар арасындағы күрделі интеракцияны көрсетеді (Сурет 2).




Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы этносаралық неке үлесі

Ескерту. Қазақстан Республикасы ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылды. ҚР Ұлттық статистика бюросы // URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>

Этностық топтар арасындағы демографиялық және мәдени айырмашылықтар неке мен туу деңгейінде көрініс табатынын атап өтеміз. Мысалы, қазақ және өзбек этносы өкілдері арасында туу деңгейі жоғары және некеге тұру жасы кеш емес, ал орыстар, украиндер, немістер арасында кеш үйлену, отбасында балалары саны аз болу сипаты басым.

Қазақстандағы этностық топтар арасында этносаралық некелердің таралу ерекшеліктері де қызығушылық тудырады (Сурет 3).



Сурет 3. ҚР этностық топтар бойынша этносаралық некелер саны

Ескерту. Қазақстан Республикасы ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылды. ҚР Ұлттық статистика бюросы // URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/>

Ұсынылған диаграммада Қазақстан Республикасындағы негізгі этностық топтар арасындағы этносаралық некелердің таралуын көрсетеді. Мұндай некелердің ең көп үлесі орыс және қазақ этносы мүшелері арасында тіркелген, бұл көбінесе олардың саны мен ортақ әлеуметтік-мәдени кеңістікте ұзақ уақыт бірге өмір сүру тарихына байланысты. Украиндер, немістер, татарлар және өзбектер де этносаралық одақтарға қатысады, бұл қазақстандық қоғамының көпэтносты сипатын және олардың арасындағы мәдени-тілдік байланыстарын көрсетеді.

Деректер қазақстандық қоғамда тұрақты интеграциялық процестердің бар екенін растайды, мұнда этносаралық неке әлеуметтік ашықтықтың, толеранттылықтың және әртүрлі этномәдени топтар арасындағы жоғары деңгейдегі бейімделу көрсеткішін білдіреді. Мұндай неке азаматтық бірегейлік пен этносаралық келісімді нығайтуда ерекше маңызды, яғни мемлекеттің ұлттық және отбасылық саясатын дамытуда маңызды бағдар бола алады.

Д.Ж. Жайлыбай мен К.Ж. Елеусізова зерттеулерінде атап өткендей, қазіргі таңда Орталық Азия мен Қазақстанда мәдениетаралық неке кең таралуда, бұл өз кезегінде отбасы моделінің өзгеруіне әкеледі. Дәстүрлі кеңейтілген отбасылар санының азаюына және ядролық (шағын) отбасылардың көбеюіне ықпал етуде. Туудың төмендеуі, чайлдфри құбылысының таралуы және әр отбасының жеке өмір салтына деген ұмтылысы отбасылық көзқарастардың өзгергенін көрсетеді (Жайлыбай и Елеусізова, 2023).

Қазақстандағы отбасылық-некелік қатынастардың тенденциясы урбанизация, экономикалық жағдайлар, этномәдени ерекшеліктер және аймақтық айырмашылықтар сияқты түрлі факторлардың әсерінен қалыптасады. Елдегі отбасылық қатынастардың дамуындағы негізгі үрдістердің қатарына мыналар жатады:

1. *Кеш некеге тұру және туудың төмендеуі.* Алматы, Астана, Шымкент және Қарағанды секілді ірі қалаларда кеш некеге тұру тенденциясы байқалады. Жастар көбінесе білім алуға және мансап құруға ден қойып, отбасын құруды кейінге шегереді (әйелдер үшін орташа алғанда 26-30, ал ерлер үшін – 28-32 жас). Ауылдық жерлерде, әсіресе, оңтүстік және батыс облыстарда некеге тұру жасы дәстүр бойынша төмен.

2. *Азаматтық (келісім бойынша заңсыз неке) неке санының өсуі.* Мегаполисте және жас қазақстандықтар арасында, әсіресе орыс тілді халық арасында ресми тіркелмеген бірге некеде тұру танымалдыққа ие болып келеді. Дегенмен дәстүрлі ұстанымдарымен бағдарланған (Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау облыстары) өңірлерде қарым-қатынастың мұндай форматы сирек кездеседі.

3. *Көпбалалы отбасылардың өңірлік ерекшеліктері.* Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлеріндегі отбасылардың, соның ішінде қазақ отбасылар арасында көпбалалылар жиі кездеседі. Орыс тілді халықтың едәуір бөлігі тұратын солтүстік және шығыс аймақтарда (Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары) отбасылар, әдетте, шағын.

4. *Этносаралық неке санының артуы.* Қалаларда, әсіресе Алматы, Астана және Қарағанды қалаларында этносаралық неке саны артып келеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, 2023 жылы барлық тіркелген некелердің 17,7% этносаралық одақтар болды, бұл елдегі этносаралық некелердің айтарлықтай деңгейін көрсетеді. Бұл неке көбінесе қазақтар мен орыстар арасында, сондай-ақ қазақтар мен басқа этностық топ мүшелері (ұйғырлар, татарлар және корейлер) арасында кездеседі. Ауылдық жерлерде әлеуметтік байланыстардың салыстырмалы түрде жабық болуына байланысты этносаралық неке сирек кездеседі.

5. *Ажырасу санының артуы.* Әйелдердің экономикалық дербестігінің өсуімен және отбасылық құндылықтардың өзгеруімен ажырасу саны өсіп келеді. Қалаларда әйелдердің өзін дамыту мүмкіндіктері көп болуына байланысты, әсіресе ірі қалаларда ажырасу үлесі жоғары. Ажырасудың негізгі себептері: мінездің келіспеуі, қаржылық қиындықтар, көші-қанның ықпалы (ерлі зайыптының бірі жұмыс істеуге кету).

6. *Көші-қон және трансұлттық неке.* Экономикалық миграция қазақстандықтар мен басқа елдің, әсіресе Ресей, Түркия, Оңтүстік Корея және Еуропа елдерінің азаматтарымен арасында неке санының артуына әсер етеді. Әйелдер арасында Қазақстанда жұмыс істейтін немесе білім беру бағдарламаларымен келген шетелдіктермен некелесу кең таралған.

7. *Некелік қатынастағы діннің рөлі.* Соңғы жылдары отбасылық-некелік қатынастарға діннің ықпалының күшейгенін байқауға болады. Жас некелер ресми тіркеумен бірге діни некені қию рәсімдерін өткізеді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы отбасылық-некелік қатынастарды және ажырасуды талдау отбасының құрылымы мен тұрақтылығына әсер ететін күрделі және көп аспектілі процестердің орын алғанын көрсетеді. Мемлекеттің демографиялық саясатын ұтымды жүзеге асыру үшін өңірлік, этностық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерді, сонымен қатар, заманауи жаһанды тегеуріндерді ескеру қажет. Осы аспектілерге назар аудару Қазақстандағы отбасы институтының тұрақты дамуы үшін қолайлы жағдайларды қалыптастырады және демографиялық өзгерістерді болжаудың сапасын арттырады.

Қазақстандағы отбасы институты белсенді трансформация кезеңін басынан өткеруде. Бұл процестер әлемнің көптеген елдеріне тән және Орталық Азия өңірі үшін де өзекті. Қазіргі уақытта отбасылық саясат жаңа әлеуметтік мәдени және демографиялық тенденцияларды ескере отырып қалыптасады. Себебі мемлекет базалық әлеуметтік құрылым ретінде отбасын нығайтуға мүдделі.

Қазақстан кеңестік өткені мен ұзаққа созылған посткеңестік дағдарыстың әсерінен қалыптасқан отбасылық саясатын дамытуда қиын кезеңнен өтті. Мемлекеттік отбасы саясатының белсенді дамуы 2000 жылдары басталды. Бұл саясат жыл сайын ішкі қиындықтар мен халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жетілдірілуде. Осы жетістіктерге қарамастан, әлеуметтік салада және отбасы институтында кешенді және жүйелі тәсілді қажет ететін бірқатар өзекті мәселелер қалып отыр.

Қабылданған шаралардың арқасында отбасыларды мемлекеттік қолдау деңгейі біртіндеп артып келеді, дегенмен ол ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда төмен болып қала береді (Искакова және Калашникова, 2022). Қазақстан туу деңгейін ынталандыруға, өлім-жітімді азайтуға, отбасылық байланысты нығайтуға, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қолдауға және азаматтарының жалпы әл-ауқатын жақсартуға қызығушылық танытады. Бұл күш-жігер тұрақтылығы жоғары отбасыларды қалыптастыруға және БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қазақстанның мемлекеттік саясаты балалар мен жастар арасында отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға, неке институтын қолдауға, гендерлік теңдікті ілгерілетуге және отбасылардың экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктерін кеңейтуге баса назар аударады. Бұл жаңа жағдайларға бейімделу және әлеуметтік жауапкершілікті арттыра отырып, тұрақты дамуға көшу үшін өте маңызды.

Сонымен қатар, отбасылық саясаттағы ұзақ мерзімді назар аударуды қажет ететін қиындықтар әлі де бар. Тиімді және кешенді отбасылық саясатты әзірлеу КСРО ыдырауының салдарымен тежелді және ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру мен отбасы институтына көзқарастарды қайта қарау үшін уақытты қажет етті. Қазақстан кеңестік модельден отбасын қолдаудың өзіндік ұлттық тұжырымдамасын әзірлеуге көшті.

Бүгінгі таңда халықтың айтарлықтай бөлігі күнкөріс деңгейінен төмен табыспен өмір сүріп келеді. Азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатын жақсартуға басымдық беріледі. Себебі бұл факторлар отбасының құрылуына және демографиялық динамикаға тікелей әсер етеді. Гендерлік теңсіздікті, соның ішінде жалақыдағы алшақтықты азайту бойынша шаралар жалғасуда. Миграция негізгі қиындық болып қала береді: жастардың айтарлықтай бөлігі әл-ауқатын көтеру үшін шетелге кетуде.

Тегеуріндерге қарамастан, Қазақстан бір уақытта заманауи нақтылыққа бейімдей отыра, дәстүрлі отбасы және неке институтын сақтауға және нығайтуға ұмтылады. Бұл қоғамның ағымдағы трансформациясы процесін ескеретін икемді мемлекеттік саясатты талап етеді.

2020 мен 2024 жылдар аралығында отбасын қолдау бағдарламаларына жіберілетін қаражат көлемі 24% артқан. Негізгі бағыттары мыналар: көпбалалы отбасыларға төлемдер, тұрғын үй алуға субсидиялар, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы. Соның ішінде, отбасыларды мемлекеттік қолдаумен қамтудың ең жоғары деңгейі оңтүстік аймақтарда байқалады (отбасылардың 62% дейін), дегенмен әлеуметтік сауалнама

деректері азаматтардың 48% мемлекеттік қолдау шараларын жеткілікті деп санайтынын көрсетеді.

Жалпы, Қазақстанның отбасылық саясаты оң серпін көрсетіп келеді, бірақ туу деңгейі төмен және ажырасу деңгейі жоғары аймақтарда оның жеткіліксіздігі байқалады. Отбасыларға қаржылық қолдауды көрсету кезінде өңірлік айырмашылықтар және халықтың нақты қажеттіліктері ескеріле бермейді. Мемлекеттік қолдауға қанағаттанушылық төмен деңгейде қалып отыр – отбасылардың басым бөлігі бұл шараларды жеткілікті деп санамайды.

Жағдайды жақсарту үшін әлеуметтік қолдауды күшейту, отбасыларға кеңес беру және психологиялық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржылық тәуелсіздікті арттыру мен отбасылық қарым-қатынастың сапасын жақсартуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу қажет. Әсіресе, ауылдық және шалғай аудандарда әлеуметтік қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қосымша шараларды әзірлеу маңызды. Әлеуметтік қолдау өңірлік ерекшеліктерді, табыс деңгейін және отбасы құрылымын ескере отырып, неғұрлым мақсатты болуы керек. Ажырасу деңгейін төмендетудің жеке стратегиясын әзірлеу қажет, оған психологиялық кеңес беру, некеге дайындық курстары және ақпараттық науқандар кіреді.

Қорытынды

Заманауи Қазақстандағы отбасы институтының трансформациясы қоғамдағы экономикалық және демографиялық факторлардан бастап мәдени және технологиялық факторларға дейінгі көптеген факторлардың әсерінен болып жатқан терең құрылымдық өзгерістерді көрсетеді. Отбасы өмірлік маңызды әлеуметтік институт ретінде уақыттың сын-тегеуріндеріне белсенді түрде жауап беріп, бірқатар дәстүрлі функцияларын жоғалтып, сонымен бірге жаңа формалар мен мағыналарға ие болуда.

Талдау жаһандану, цифрландыру, урбанизация және индивидуалды құндылықтардың ықпалымен отбасылық және некелік көзқарастарда түбегейлі өзгерістер болып жатқанын көрсетті. Некеге тұру және бірінші баланы дүниеге әкелу жасы өсіп қана қоймай, «азаматтық» неке және толық емес отбасылардың саны, ажырасу көрсеткіші артып келеді, ал дәстүрлі кеңейтілген отбасылар, әсіресе қалалық жерлерде азайған. Ауылдық және қалалық аймақтар арасында отбасылық өмір үлгілерінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады, бірақ урбанизация бұл айырмашылықтарды біртіндеп азайтуда.

Жастар арасында индивидуалды көзқарастардың тұрақты өсуі және отбасын құрмас бұрын білімге, мансапқа және жеке өмірге баса назар аудару құндылық басымдықтарының өзгергенін көрсетеді, бұл сөзсіз демографиялық көрсеткіштерге және қоғамның әлеуметтік құрылымына әсер етеді. Сонымен қатар, дәстүрлі нормалар мен институттардың әлсіреуі отбасының тұрақсыздығын тудырады, әлеуметтік ынтымақтастықты төмендетеді, сәйкесінше әлеуметтік қолдау тетіктерін қайта қарастыруды талап етеді.

Осылайша, Қазақстандағы отбасылық және неке қатынастарының трансформациясы ретсіз емес, өңірлік ерекшеліктерге ие. Ұлттық, мәдени және демографиялық жағдайларға бейімделген жаһандық үрдіс сипатын алады. Айтылғандарды назарға ала отырып,

отбасының жаңа формаларын қолдауға, неке институтын нығайтуға және ауыспалы әлеуметтік-мәдени ландшафтта ұрпақтар арасындағы сабақтастық механизмдерін дамытуға бағытталған икемді және бейімделгіш әлеуметтік саясатты әзірлеу ерекше өзекті болып табылады.

Қаржыландыру көзі

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (АР23486745 Отбасылық-некелік қатынастардағы әлеуметтік трансформация: қазақстандық қоғамдағы этникалық контекст). Мақалада айтып кеткеніміздей, қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайындағы отбасылық-некелік қатынастардың трансформациясы, оған ықпал етуші факторлардың сипаты және мемлекеттік отбасылық және демографиялық саясатты икемді етудің жолдары мен ұсыныстары баяндалған.

Авторлардың қосқан үлесі.

Мақала авторлары, соның ішінде **Нечаева Е.Л.** – мақаланың мазмұны мен концепциясын, ондағы көтерілген тақырыптардың бағытын айқындады, сонымен бірге статистикалық деректерге талдау жасады, тұжырымдарды әзірледі; **Мусабоева А.Б.** – жарияланым мәтінімен жұмыс істеп, тұжырымдарды толықтыруға үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Антонов, А.И. (2014) Институциональный кризис семьи и семейно-демографических структур в контексте социальных изменений и социального неравенства. URL: <https://istina.msu.ru/publications/article/7342725/> (дата обращения: 19.05.2025).
2. Бюро национальной статистики Республики Казахстан (2025). Демография. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/> (дата обращения: 19.05.2025).
3. Дилекчи Р. (2017) Трансформация современной турецкой семьи в условиях модернизации: социологический аспект. Автореферат кандидатской диссертации. Минск.
4. Жайлыбай, Д.З., Елеусизова, К.З. (2023) Cross-cultural marriage in the situation of family model transformation: the example of Central Asian countries. *Journal of Oriental Studies*, 105(2), сс. 109–117.
5. Искакова, Ж., Калашникова, Н. (2022) Family Policy in the Context of the Transition to Sustainable Development: A Comparative Analysis of Russia and Kazakhstan. *International Journal of Criminology and Sociology*, 9, сс. 391–399. URL: https://www.researchgate.net/publication/371553362_Family_Policy_in_the_Context_of_the_Transition_to_Sustainable_Development_A_Comparative_Analysis_of_Russia_and_Kazakhstan (дата обращения: 19.05.2025).
6. Михеева, А.Р. (2017) Демография и социология семьи – поле междисциплинарного анализа. Демографическое образование и изучение народонаселения в университетах (к 50-летию кафедры народонаселения). Девятые Валентеевские чтения. 18-20 октября 2017 г.: сборник статей и тезисов международной конференции. Москва: МГУ им. М.В. Ломоносова, Экономический факультет, сс. 177–185.
7. Морозова, О.П. (2012) Трансформация социального института семьи в современных условиях (региональный аспект). Автореферат кандидатской диссертации. Пенза.

8. Национальный доклад (2022) Казахстанские семьи – 2022. URL: <https://ru.kipd.kz/article/kazakhstanskie-semi-2022-natsionalnyu-doklad> (дата обращения: 19.05.2025).

9. Риббенс Маккарти, Дж., Эдвардс, Р. (2018) Исследования семьи: основные понятия. Москва: Издательский дом Высшей школы экономики.

Nechayeva Y.L., Mussabayeva A.B.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

SOCIAL TRANSFORMATION OF FAMILY AND MARRIAGE RELATIONS IN KAZAKHSTANI SOCIETY AT THE PRESENT STAGE

Abstract. In modern Kazakhstani society, the institutional structure of marriage and family is undergoing a profound transformation influenced by a wide range of factors – from economic and social changes to cultural globalization and digitalization. This article presents a comprehensive analysis of the key trends characterizing the current state and dynamics of family and marriage relations in Kazakhstan. The study highlights changes in the structure and functions of the family, including the increase in civil and late marriages, higher divorce rates, declining birth rates, and the transformation of reproductive behavior.

Special attention is given to the evolution of gender roles within the family and society, the rethinking of traditional models of responsibility distribution between spouses, as well as the impact of urbanization and modernization on the family values of youth. The article analyzes socio-cultural shifts in the perception of the institution of marriage, including the weakening of traditional patriarchal norms and the strengthening of individualistic values.

The research uses data from sociological surveys, official statistics and provides a comparative analysis of modern and traditional family models in Kazakhstan within the context of global demographic trends.

This study aims to identify the factors of resilience and vulnerability of the Kazakhstani family and to forecast possible scenarios for its future development, taking into account national characteristics and global transformations. The findings are of interest to sociologists, demographers, psychologists, specialists in family policy, as well as to government bodies involved in developing and implementing family support measures.

Keywords: family and marriage relations; social transformation; Kazakhstan; family institution; globalization; family values; demographic changes; social policy.

Нечаева Е.Л., Мусабаяева А.Б.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

СОЦИАЛЬНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ СЕМЕЙНО-БРАЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Аннотация. В современном казахстанском обществе институциональная структура брака и семьи переживает этап глубокой трансформации под воздействием комплекса факторов – от экономических и социальных изменений до культурной глобализации и цифровизации. Настоящая статья посвящена всестороннему анализу ключевых тенденций, характеризующих

текущее состояние и динамику семейно-брачных отношений в Казахстане. В рамках исследования освещаются изменения в структуре и функциях семьи, включая рост числа гражданских и поздних браков, увеличение показателей разводов, а также снижение рождаемости и трансформация репродуктивного поведения.

Особое внимание уделяется эволюции гендерных ролей в семье и обществе, переосмыслению традиционных моделей распределения обязанностей между супругами, а также влиянию урбанизации и модернизации на семейные установки молодёжи. Анализируются социокультурные сдвиги в восприятии института брака, включая ослабление традиционных патриархальных норм и усиление индивидуалистических ценностей. В исследовании используются данные социологических опросов, официальной статистики, а также проводится сравнительный анализ современных и традиционных моделей семьи в Казахстане в контексте глобальных демографических трендов.

Работа направлена на выявление факторов устойчивости и уязвимости казахстанской семьи, а также на прогнозирование возможных сценариев её дальнейшего развития с учётом национальных особенностей и общемировых изменений. Полученные выводы представляют интерес для социологов, демографов, психологов, специалистов в области семейной политики, а также для государственных органов, разрабатывающих и реализующих меры по поддержке института семьи.

Ключевые слова: семейно-брачные отношения; социальная трансформация; Казахстан; институт семьи; глобализация; семейные ценности; демографические изменения; социальная политика.

Referenses

1. Antonov, A.I. (2014) *Institutsional'nyy krizis sem'i i semeino-demograficheskikh struktur v kontekste sotsial'nykh izmeneniy i sotsial'nogo neravenstva*. URL: <https://istina.msu.ru/publications/article/7342725/> (data obrashcheniya: 19.05.2025).
2. Byuro natsional'noy statistiki Respubliki Kazakhstan (2025) *Demografiya*. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/> (data obrashcheniya: 19.05.2025).
3. Dilekchi, R. (2017) *Transformatsiya sovremennoy turetskoy sem'i v usloviyakh modernizatsii: sotsiologicheskii aspekt*. Avtoreferat kandidatskoy dissertatsii. Minsk.
4. Zhailybay, D.Z. & Eleusizova, K.Z. (2023) Cross-cultural marriage in the situation of family model transformation: the example of Central Asian countries. *Journal of Oriental Studies*, 105(2), ss. 109–117.
5. Iskakova, Zh. & Kalashnikova, N. (2022) Family Policy in the Context of the Transition to Sustainable Development: A Comparative Analysis of Russia and Kazakhstan. *International Journal of Criminology and Sociology*, 9, ss. 391–399. URL: https://www.researchgate.net/publication/371553362_Family_Policy_in_the_Context_of_the_Transition_to_Sustainable_Development_A_Comparative_Analysis_of_Russia_and_Kazakhstan (data obrashcheniya: 19.05.2025).
6. Mikheeva, A.R. (2017) *Demografiya i sotsiologiya sem'i – pole mezhdistsiplinarnogo analiza. Demograficheskoe obrazovanie i izuchenie narodonaseleniya v universitetakh (k 50-letiyu kafedry narodonaseleniya)*. Devyatye Valenteevskie chteniya. 18–20 oktyabrya 2017 g.: sbornik statey i tezisov mezhdunarodnoy konferentsii. Moskva: MGU im. M.V. Lomonosova, Ekonomicheskii fakul'tet, ss. 177–185.
7. Morozova, O.P. (2012) *Transformatsiya sotsial'nogo instituta sem'i v sovremennykh usloviyakh (regional'nyy aspekt)*. Avtoreferat kandidatskoy dissertatsii. Penza.

8. Natsional'nyy doklad (2022) Kazakhstanskіe semi – 2022. URL: <https://ru.kipd.kz/article/kazakhstanskіe-semi-2022-natsionalnyy-doklad> (data obrashcheniya: 19.05.2025).

9. Ribbens Makkarti, Dzh. & Edvards, R. (2018) Issledovaniya sem'i: osnovnye ponyatiya. Moskva: Izdatel'skiy dom Vysshey shkoly ekonomiki.

Авторлар туралы мәліметтер

Нечаева Елена Леонидовна – саясаттану ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, саясаттану кафедрасы, Астана, Қазақстан

Мұсабаева Айнұр Бергеновна – хат-хабар авторы, әлеуметтану магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтану кафедрасының аға оқушысы, Астана, Қазақстан

Сведения об авторах

Нечаева Елена Леонидовна – кандидат политических наук, профессор, кафедра политологии, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Мусабаева Айнұр Бергеновна – автор для корреспонденции, магистр социальных наук, старший преподаватель, кафедра социологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Information about authors

Nechayeva Yelena Leonidovna – Candidate of political science, Professor, Department of Politology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Mussabayeva Ainur Bergenovna – corresponding author, Master of Social Sciences, senior lecturer of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan